

2024 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
ішкі сараптау нәтижесі бойынша
№3 сараптамалық анықтамаға
2-қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау қорытындысы бойынша анықталған
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нысанының атауы: «БЖЗҚ» АҚ

№ р/р	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне бейім лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1	Қордың Басқарма Төрағасы; Қордың Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі; Қордың басқарушы директоры, Басқарма мүшесі;	Мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету бойынша шешімдер қабылдау	Үлестес тұлғаларды қоса алғанда, өзге тұлғаларға сеніп тапсырылған мүлікке құқықтарды заңсыз беру мүмкіндігі (мүлікті иеліктен шығаруды қоса алғанда, жалдау және меншік құқықтары)
2	Қордың Басқарма Төрағасы;	Құзырет аясында тексеру, қызметтік тергеу жүргізу	Бұзушылықтарды жасыру мүмкіндігі
3	Қордың Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі; Қордың басқарушы директоры, Басқарма мүшесі; Басқарушы директор; бас бухгалтер -	Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу	Еркін жоспарлау, бәсекелестікті шектеу (техникалық ерекшеліктер мен біліктілік талаптарын, формалды негіздер бойынша өтінімдерді қабылдамауды, балдарды дұрыс есептемеуді, сатып алуды болдырмауды «ыңғайлау»), шартты орындау кезінде сәйкестікке бақылау жүргізбеу, жалған актілер бойынша сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау және оларға ақы төлеу мүмкіндігі
4	БЕД директоры және бас бухгалтер – БЕД	Құзырет аясында қорытындылар беру (сараптамаларды қоса алғанда)	Деректерді бағалауды бұрмалайтын, дұрыс емес мәліметтер беру мүмкіндігі
5	директорының міндетін атқарушы; БЕД директорының орынбасары;	Құзырет аясында сараптау, мониторинг жүргізу (ұсынымдар мен ұсыныстар жасау, оның ішінде басшылыққа шешімдер қабылдау үшін)	Сараптау немесе мониторинг жүргізу нысандарына қатысты шешімдер қабылдауға әсер ететін, дәйексіз қорытынды жасау мүмкіндігі
6	ҚБД директоры және ҚБД директорының міндетін атқарушы;	Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу	Еркін жоспарлау, бәсекелестікті шектеу (техникалық ерекшеліктер мен біліктілік талаптарын, конкурстық емес сатып алу тәсілін, формалды негіздер бойынша өтінімдерді

	ҚБД директорының орынбасары; филиалдар басшылары (филиалдар директорлары) және филиалдар басшыларының		қабылдамауды, балды дұрыс есептемеуді, сатып алудың күшін жоюды, тапсырыс беруші мен жеткізушінің сөз байласуы кезінде бағалар демпингін «ыңғайластыру»), шартты орындау кезінде сәйкестікті бақыламау, жалған актілер бойынша сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау және оларға ақы төлеу мүмкіндігі
7	міндеттерін атқарушылар; филиалдар директорларының орынбасарлары	Еңбек жағдайын жасау, қызметте ілгерілету	«Жайлы» немесе «жайсыз» жағдай жасау, қызметке лайықты игіліктерді (материалдық ынталандыру, демалыстар, басқалар) іріктеп беру, тәртіптік жазаларды негізсіз қолдану/қолданбау, меритократия қағидатын сақтамау мүмкіндігі
8		Ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық шешімдерді (қабылдауды, жұмыстан шығаруды, өндіріп алуды және ынталандыруды қоса алғанда, кадрлар бойынша шешімдер, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды қоса алғанда, қаржы бойынша шешімдер, мүлікті иеліктен шығару, сатып алу және кез келген тұлғаларға уақытша беру, басқа шешімдер) қабылдауға әсер ететін ақпаратты қалыптастыру және дайындау	Басқарушылық шешімдерге әсер ететін ақпаратты жасыру немесе қолдан жасау мүмкіндігі